

Екінші деңгейдегі банктердің басшылық лауазымына тағайындалатын кандидатуралармен келісу тәртібі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Біліктілікті айқындау комиссиясының өкілеттігі туралы Ереже жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 229. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 21 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 438. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 334 қаулысымен. ~V991028

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Z952444_ Заң күші бар Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Екінші деңгейдегі банктердің басшылық лауазымына тағайындалатын кандидатуралармен келісу тәртібі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Біліктілікті айқындау комиссиясының өкілеттігі туралы Ереже бекітілсін және ол 1996 жылдың 1 қарашасынан бастап күшіне енгізілсін.

2. Екінші деңгейдегі банктердің басшылық лауазымына тағайындалатын кандидатуралармен келісу тәртібі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Біліктілікті айқындау комиссиясының өкілеттігі туралы Ереженің қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен Банктердің (филиалдардың) басшылық лауазымдарына тағайындалатын кандидатуралармен келісу тәртібі туралы N 202 (1994 жылғы 28 желтоқсан N 26 хаттама) Ереженің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1995 жылғы 2 тамыздағы N 12210/654 және 1995 жылғы 26 қыркүйектегі N 12210/964 хаттардың күші жойылды деп танылсын.

3. Банктік қадағалау департаменті (Жауғаштина Б.Қ.) осы Қаулысына және Екінші деңгейдегі банктердің басшылық лауазымына тағайындалатын кандидатуралармен келісу тәртібі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Біліктілікті айқындау комиссиясының өкілеттігі туралы Ережені

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық Бас) басқармаларына жеткізсін, оларға осы Қаулыны және Ережені екінші деңгейдегі банктерге жеткізу міндеттелсін.

4. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы Төрағасының орынбасары Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1996 жылғы 27 қыркүйектегі
N 229 Қаулысымен
Бекітілген
N 434

Екінші деңгейдегі банктердің басшылық лауазымына
тағайындалатын кандидатуралармен келісу тәртібі және
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Біліктілікті
айқындау комиссиясының өкілеттігі туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Шаруашылық серіктестіктері туралы" Заң күші бар Жарлықтарына және банкті құруға, қайта құруға рұқсат беру, қайтарып алу, банк операцияларын жүргізуге лицензия беру, оның күшін жою және тоқтату, банк филиалдарын ашуға, оларды бір-біріне қосуға және банк өкілеттігін ашуға келісім беру, қайтарып алу тәртіптеріне (бұдан әріде - Тәртіп) сәйкес жасалды.

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде (бұдан әріде - Ұлттық Банк) банктердің басшы қызметкерлерінің лауазымына тағайындау (сайлау), сондай-ақ Ұлттық Банктің Біліктілікті айқындау комиссиясының өкілеттігі үшін ұсынылған екінші деңгейдегі банктердің басшы қызметкерлерінің және кандидатураларының келісу тәртібін анықтайды.

2. Банктің басшы қызметкерлері, сондай-ақ басшы қызметкер лауазымына тағайындау (сайлау) үшін ұсынылған кандидаттар қолданылып жүрген банк заңдарында белгіленген ең төменгі талаптарға сай болуы тиіс. Келісім беру туралы немесе келісім беруден бас тарту туралы Ұлттық Банктің шешімін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Біліктілікті айқындау комиссиясы (

бұдан әріде - Комиссия) қабылдайды. Қажетіне қарай бұл мәселенің Ұлттық Банк Басқармасына қаралуы мүмкін.

3. Банктің басшы қызметкерлері - Байқаушы Кеңестің Төрағасы мен мүшелері, банк Басқармасының Төрағасы мен оның орынбасарлары, банктің бас бухгалтері мен оның орынбасарлары, филиалдың бірінші басшысы мен бас бухгалтері лауазымға олардың кандидатурасы бойынша Ұлттық Банктің келісімі болған жағдайда тағайындалады (сайланады). Жекелеген жағдайларда банктің басшы лауазымына адам оның кандидатурасы Ұлттық Банктің алдын ала келісімінсіз сайланса (тағайындалса), банк белгіленген тәртіппен комиссияның қарауына қажетті құжаттарды беру бойынша шаралар қабылдауға міндетті. <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1997.12.05. N 413 қаулысымен V970064_ .

4. Банктің басшы қызметкерлері өзінің қызметтік міндеттерін Ұлттық Банктің келісімін алғанға дейін үш айдан артық атқара алмайды.

Банктің басшы қызметкері қызметіне келісу үшін кандидатурасы ұсынылған адам іс жүзінде қызметтік міндеттерін орындап жүргеніне қарамастан, Ұлттық Банк оның тағайындалуына (сайлануына) келісім беруден бас тартқан жағдайда, сөз болып отырған қызметкер отырған қызметінен Ұлттық Банкпен банк шешім алған күннен бастап 30 күн мерзім ішінде босатылуға тиіс. Қолданылып жүрген банк заңдарының талаптарына сәйкес банк қызметкерінің кандидатурасына келісу кезеңінде жұмысқа жаңадан қабылданып жатқан адамдар міндеттерін мерзімді еңбек шарты бойынша атқарады. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1997.12.05. N 413 қаулысымен V970064_ .

II. Кандидатураларды келісу үшін Ұлттық Банкке
құжаттар берудің тәртібі және комиссияның
қарауына материалдар әзірлеу

5. Басшылық қызметке тағайындалуға тиіс басшы қызметкерлер мен кандидатураларды келісу үшін банк Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментіне мынадай құжаттар береді:

- басшы қызметкер лауазымына басшы қызметкерді немесе кандидатты тағайындауға (сайлауға) келісім беру туралы өтініш;

- басшы қызметкерді тағайындау (сайлау) туралы немесе кандидатураны келісуге ұсыну туралы банктің тиісті органының шешімі;

- Ереженің 4 және 5 қосымшаларында көзделген үлгілер бойынша басшы қызметкерлерге немесе басшы қызметкерлердің лауазымына үміткерлерге

арналған мәліметтер; <*>

- өкілетті орган (адам) немесе банктің мөрі куәландырған білім туралы дипломның және еңбек кітапшасының көшірмесі; <*>

Кепілдемелерді оларды тағайындауға (сайлауға) Ұлттық Банктің келісімін алған банктердің басшы қызметкерлері немесе Ұлттық Банктің филиалдарының немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі орталық аппаратының дербес құрылымдық бөлімшелерінің басшылары болып табылатын кем дегенде екі адам тапсырады. <*>

Кепілдеме беруші кандидатура жөнінде келісуге өтініш беруші банк қызметкері бола алмайды. Бір мекеменің қызметкерлеріне бірнеше (екі және одан да көп) кепілдеме тапсыруға тиым салынады.

Банк Төрағасының және Бақылау Кеңесі мүшелерінің кандидатуралары жөнінде келіскенде, кепілдемелер талап етілмейді. <*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен V970064_ .

6. Банктік қадағалау департаменті (оның тиісті басқармасы) банк ұсынған құжаттар пакетінің толықтығын және дұрыстығын тексереді. Банктің қадағалау департаменті қажеттілігіне қарай (ұсынылған кандидатураның біліктілік дәрежесіне немесе оның тәжірибесі мен біліміне күмән келтірілген жағдайда) кандидатқа тест жүргізеді, оның нәтижесі басқа материалдармен қоса Комиссияның қарауына ұсынылады. Ұлттық Банкке ұсынылған құжаттар осы Ереженің талаптарына сай келмеген жағдайда, құжаттар толық ресімдеу үшін банкке қайтарылады.

Банктік қадағалау департаменті әрбір қаралатын кандидатура бойынша Комиссияға қорытынды береді.

7. Банктік қадағалау департаменті кандидаттардың іскерлік сапасын және кәсіби дайындық деңгейін сипаттайтын, сондай-ақ банктің басшы қызметкерлерін тағайындау негіздемелеріне қатысты мәліметтерді зерттеу мақсатында екінші деңгейдегі банктердің басшы құрамы жөніндегі мәліметтердің базасын қалыптастырады және Ұлттық Банк бөлімшелерінің банктің басшы қызметкерлерінің қол қою үлгілерінің дұрыс ресімделуіне бақылау жасауды қамтамасыз етеді. Ұлттық Банкпен келісілмеген қол қою үлгілері белгіленген тәртіппен үш айдан аспайтын мерзім аралығында қабылдануы және ресімделуі мүмкін.

III. Банктің басшы қызметкерлері мен осы лауазымдарға кандидаттар тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартудың негіздері

8. Банктің басшы қызметкерін немесе басшы қызметкер лауазымына кандидат тағайындауға (сайлауға) рұқсат беруден Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығының 20-бабында белгіленген негіздер бойынша бас тартылуы мүмкін.

9. Банктің басшы қызметкерлерінің кәсіби жарамдылығы туралы мәселені шешкенде Комиссия Ұлттық Банктің (немесе оның бөлімшелерінің) тексерісімен белгіленген мәліметтерді, соған қоса атқарған қызметі қолданылып жүрген банк заңдарының бұзылуына жеткізген не банктің (филиалдың) қаржылық жағдайының нашарлауына әкеліп соққан басшылар туралы мәліметтерді зерттеуге құқылы.

10. Комиссия қажетіне қарай қосымша мәліметтер сұрауға, сондай-ақ қызметкердің комиссияның мәжілісіне келмеуіне байланысты немесе басқа негіздер бойынша мәселені қарауды тоқтатуға құқылы.

11. Жекелеген жағдайларда қажетіне қарай басшылық қызметке ұсынылған кандидатқа өзінің іскерлік қабілетін көрсетуге мүмкіндік берілумен байланысты келісім берудің мерзімін ұзартуға қолданылып жүрген заңдарда белгіленген 3 ай мерзім шеңберінде комиссия мәселе түпкілікті шешілгенге дейін банктің өтінішімен уақытша келісім беруге құқылы.

IV. Комиссияның өкілеттілігі, құрамы және шешімі

12. Комиссия 9 адамнан тұрады және Банктік қадағалау департаментіне жетекшілік жасайтын Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары басқарады. Комиссияның құрамына Банктік қадағалау департаментінің директоры - Комиссия Төрағасының орынбасары, Банктік қадағалау департаменті директорының орынбасары, Банктік қадағалау департаменті басқармаларының бастықтары, Бухгалтерлік есеп және бюджет пен Заң департаментінен бір-бірден өкілдер кіреді.

Комиссияның мәжілісіне хаттама жазу үшін хатшы дауыс беру құқығынсыз қатысады.

Комиссия Төрағасы болмаған кезде мәжілісті оның орынбасарларының жүргізуге құқы бар.

Комиссияның жұмысын ұйымдастыру мен оның қызметінің нәтижесін ресімдеуді оған банктермен хат-хабар алмасуды қоса, Банктік қадағалау департаменті жүзеге асырады.

13. Комиссияның құрамы Ұлттық Банк Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

14. Комиссия өзінің мәжілістерін қажетіне қарай өткізеді, бірақ тоқсанына 1

реттен кем болмауы тиіс және егер мәжіліске мүшелерінің 2/3-сі қатысқанда ғана ол құқылы деп табылады. Шешім мәжіліске қатысушылардың жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

15. Комиссияның қарауына банктің (филиалдың) басшы қызметкерлерінің

санатына кіретін барлық кандидаттар жатады. Комиссияның мәжіліске кандидаттар шақырып та, шақырмай-ақ та шешім қабылдауға құқы бар.

16. Комиссияның тұжырымы (шешімі) мәжіліс хаттамасына енгізіледі. Егер Комиссия мүшесінің қаралған мәселе бойынша айрықша пікірі бар болса, ол хаттамада көрсетіледі.

17. Комиссияның шешіміне Банктің немесе басқа да мүдделі адамдардың Ұлттық Банктің Басқармасына шағымдануы мүмкін. Осы мәселе бойынша Ұлттық Банк Басқармасының қаулысы түпкілікті болып табылады.

18. Банктік қадағалау департаменті екі аптаның ішінде банкке Ұлттық Банктің қабылдаған шешімі туралы хабарлауға міндетті.

V. Қорытынды ережелер

19. Банк немесе басқа мүдделі адамдар қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен банктің басшы лауазымына тағайындалған (сайланған) адамға келісім беруден бас тарту туралы Ұлттық Банктің шешіміне шағым беруге құқылы.

20. Осы Ережеде белгіленген талаптарды бұзғаны үшін қолданылып жүрген банк заңдарында қарастырылғандай, Ұлттық Банк банкке санкциялар мен ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.

Ұлттық Банк
Төрағасы